ГКП на ПХВ Ескельдинская ЦРБ специалист кабинета ЗОЖ

БЫЛТЫРҒЫНЫҢ ІЛЕСІ, БИЫЛҒЫ АЛАТАУДЫҢ БАУРАЙЫНДА!

«Іле таңы» газетінің бас редакторы Бахтияр Талғатұлы Ауданымызға сол жылғы конкурстың комиссия мүшесі болған Шыңғыс Бозым мырзаның тілшісі Дастанбек мырзаның әкелуі де жанға тыныштық бермеді. Көңілге ұялаған күдікті одан өршітті. Конкурсты ұтты, ақшаны алып отырды. Есепті бермеді. Бізді тексерген ішкі саясат, оған көз жұма қарады. Өзге облыстың газетіне айдаладағы біздің ауданның мәселесі не үшін қажет. Ең алдымен өз аудандарын қамтып алмай, өзгені жетістіремін дегенді түсінікке алу қиын екен. Апта сайын шыққан газет, ауданға жетпеді. Бұл қалай? Үш айда немесе бес айда я болмаса біз жаққа жол түскен уақытта газеттерін жолдай тастап кетіп жүрді. Сонда жолай келген 3 дана газет ауданның идеологиясын қалай дамытады. Идеология бөлімі қайда қарады? Ауданның қай тұрғыны оқыды? Кім көрді? Сонда тек ішкі саясатқа есеп беру үшін ғана керек, қалған уақытта керегі де жоқ па бұл газеттің. Бұл кісілердің шығармашылық жұмысында біршама мәселелер көтерілген болатын. Олар қайда. Жол – жөнелік пробкада қалғаны ма? Әлде Мемлекеттің ақшасы ойынға айналғаны ма? Қалай түсінсек болады? Ай сайын есепті берген де, алысты сылтауратып элетронды нұсқада да жіберіп отырды. Бізді тексеріске алғанда әрбір мақаланың кө сантиметріне дейін өлшеген Асхат мырза Іле ауданының әкімінен қорыққаны ма? Ол кісінің қатысы не? Әлде бізді әкім қолдамады ма? Басқа аудандардың басшысы басшы, біздікі ше? Басқа ауданның әкімдерінің тіреуі мықты, басқаға сөзі өтетін болғаны ма? Қалай ойлайсыз оқырманым? Өткен жыл осы мен жауапсыз кетті. Айналып, аудандық газеттің редакторы Инкар ханым «жынды» деген атаққа қалды. Басшылыққа барса, өзі кінәлі. Шындығын дәлелдеп тұрса да, көріп тұрған шындық көзге ілінбеді. Міне, тіреудің жоқтығы қандай жаман. Басшы ауысып, басқалары келді. Оларға мұң зарын айтқан редактор ханым, өткен әңгіменің маған қатысы жоқ деген жауаптарға ие болды. Жақсы деп, былға қолдау күтетін айтып кетті. Биыл да болмады. Наурыздың 14-не жарияланған конкурс мәресіне сәуірдің 18-де жетті. Былтырғыдай комиссия мүшелері көп дүниені түсінбейді. Ашық шыққан құжаттар тізімінде болмаған құжаттарды қайта алдыртты. Мақалалды оқып, сайттарын өзгертіп алғандары мүмкін. Былғы конкурстан тағы да ұтылды. Облыстық газет «Алатау» кіріп, еншісін алды. Қызығы Ақсу аудандық газетінің еншісіне де кіріп, комиссия шешімімен Ақсу ауданының газетін алмады. Бұл қалай? Жетісу облысы әкімінің орынбасары Марлен Қапашұлы Көлбаевқа көмек сұрап кіргенінде «сіздің өткізген құжаттарыңыз дұрыс болмағандықтан ұта алмадыңыз, ауданның жалғыз газеті болғандықтан, барлық соманы Облыстық газетке бермей, 51-49 –н сізге бердік. Ал, Ақсу ауданының 1 балы ғана жетпей тұрғандықтан ол кісілердікі өзін қолдап жібердік» деді. Содан Облыстық Қоғамдық даму басқармасына жол тарттым. Құжаттарымның бұрысы



мен дұрысын көрдім. Дұрыс емес деген жері жоқ. Ұпай санынан қалып отырмын. Олар газеттің тиражы, ғаламтор желісінің және қызметкерлер санынан ұтылып отырмын. Бұл құжаттарды Қоғамдық даму басқармасының басшысының орынбасары Елдар мырзадан көрдім. Содан жұмысқа келіп, қызметкерлерге айттым бар жағдайды. Олар зерттеу жұмысына кірісіп, Ақсуды талқылады. Зерттей келе, Ақсу аудандық газеттің тиражы Алатау газетінен аз, инстаграм желісінде 7 адам, фейсбукта парақшасы 1500, сайттарының қаралымы ең төменгі дәрежеде. Қызметкерлер саны 10. Енді Алатау газетіне тоқталсақ: Қызметкерлер саны-26, инстаграм желісі 10000, фейсбукта тиражы-2700. Ескелді аудандық газетке шамасы жеткен Алатау газеті, Ақсу ауданынан қаншама жерінен балдық жүіесі жоғары бола тұра жеңіске жете алмады. Бұл мәселелерді Елдар мырзаға айтқанымда, біз өткізген қағаз бойынша ғана қараймыз деп жауап қатты. Ал, өткізген әрбір құжаттарда баптау пәрмендері, яғни (ссылкалары) бар. Сонда олар не үшін. Комиссия құрамы қағазға ғана қарап, қалғанын қарамай ма? Сотқа беріңіз деп жөн сілтейді. Сотта тек қағаздар ғана сөйлейтінін байқадым. Не пайда? Соттан аузым күйген. Сақдай сай қылып қағаздарын реттеп қойған жоғарғы тарап. Сотқа барсаңыз, осыны көрсетемін, біз жеңеміз. Өздерінде нық сенім. Бүгінгі жариялымынан кейін де, өзгеретін дүниені өзгертіп, түзейтінді түземеске кім кепіл. Замануи техниканың қарыштап дамып тұрған сәтінде, сайтта ескі уақыт пен де, былтырғы жылмен де өзгерістер енгізуге де болады. Жаңа Қазақстанның даму қарышы жаман емес. Бұл жолы да көп әңгіме естідік. Жығылғанға жұдырық жан жақтан тиді. Жөн сұрап, жан жақты тыңдағанда Ақсулықтар жайлы көп естідік. Алатау газеті кіргеннен бастап, біраз тірліктер жасапты. Жөн сұрасып, өздерін аманат етіпті. Әкімдігі мен ішкі саясаты жүріп, жан-жағын шешкен дегенді естідік. Ал, бізге келсек, сендерді қолдаған ешкім жоқ, әкімдіктеріңіз бен ішкі саясаттарыңыз жұмыс жасамайды. Қолдау көрмейсіздер дегенді де естідік. Болары болып бояуы сіңген уақытта жүргізгендерің несі дейді бізге. Бұл сөздердің бәрін жанымда ішкі саясаттың бастығы Асхат мырзада құлағдар. Сонда барлық өкіметтің адамдары үнемі сыбайлас жемқорлыққа қарсы мақалаларды үздіксіз газет беттері мен ғаламтор желісіне жариялап отырғаны қалай? Апталатып шығартып отырғандары тек, қағаз жүзінде ғана болғаны ма? Семинарлар мен брифингтер, дөңгелек үстелдердің бәрі жәйдін қалғаны ма? Тек есеп жүзінде есепке елеп, жұмыс барысында қолданысқа ие болмағаны қалай? Естіген құлақта аясып жоқ, былтырғының әңгімесі конкурсты саудаға салған Айдар

Карбозовтың да аты аталып қалды. Көзбен көріп ұстамаған соң не дерімді білмеймін. Бірақ, менің жағдайымдағы жайт айдан анық себебі болды. Былтырғының ілесі, биылғы Алатауы болып тұр. 94 жылдық тарихы бар газеттің бүгінгі жағдай осы халқым. Газет жайлы жоғарғы таптың айтар әңгімесі мынау. Оқырманың жоқ дейді. Оқырман жоқ емес, газет бетінде беттеріміз аз. Мемлекеттің тапсырмасы мен әкімшілік тараптан беретін мақалалар көп. Ал, бет қосып шығаруға газеттің шамасы жоқ. Күнін әрең көруде. Бұл біздің аудандық газеттің ғана мәселесі емес. Барлық аудандарда осы. Даттап, бір нәрсені сала бастасаң ата жауға айналасың! Жақтап жаза қалсаң сенен жақсы адам жоқ. Бұны қалай түсінеміз. Журналистің қашан мәртебесі көтеріледі. Қашан қолдау көреді. Қолдаудан бұрын тіреу іздейміз бе? Тіреуің тірегіш тапсақ, сонда өз-өзімізді алдағанмен тең болып, сыбайластыққа жол тартамыз ба? Әлде Жаңа Қазақстанның қалауы осы ма?! Бәрін түсініп, біліп тұрып, бізде көп дүниеге көз жұма қарайық па?! Қазіргінің тілімен айтқанда системаға бізде кірейік пе, әлде сол системаның жиегіндегі қызметкерміз бе?! Жоғарыда айтылған фактілеріміздің дәлелі бола алатын видеолар мен аудио записстері бар. Ол да, бір күні халық құлағына жол тартар. Мен біреуді даттайын деген жерім жоқ, тек ақиқатқа көз жүгіртсек дегенім. Неге біздің аудандық газетке сағызша жабысып, басқаға шамасы жетпей қалғанын білсек. Қолды болған ақшаның есебін алсақ. Сіз болып, біз болып шындықты білсек деген ниет. 94 жылдық тарихы бар газет бұдан да ауыр күнді бастан кешірген. Бұл да өтер. Ескелді бидің рухы қолдап, бұл да өз мәресіне жетер. Ауданның идеологиясын жүргізіп отырғандықтан, неге конкурсты өз аудандарына ғана тиесілі етуге болмайды. Қалған дүниені жасауға болады да, осындайларды жасауға қауқарсызбыз. Тағы да неге деген сұрақ. Шешімі болады деген үміттемін. Бір кісіден естігенбіз, атын жазып, ол кісінің жүрегі тоқтап қалмасын. Жазбай-ақ қояйын. Мемлекет басшысынан не пайда деп? Сонда пайдасы көрмеген басшысы не үшін мемлекеттік қызметкер болып жұмыс істеуде. Құрметті Мемлекет Басшысы Қасым – Жомарт Кемелұлы, сіздің сыңдарлы саясатыңызбен шынайы жұмыс атқарып жүрген қарапайым тілшіңіздің нүеуіне құлақ асыңыз деген нық сенімдемін. Өз қолыңызға алып, бір шешімін береді деген алтындай үмітім бар. Ешкімнің ала жібін атпағанмыз. Жетім сөзінің түп мағынасы жалғыздық. Ал, жалғыздықты даналарымыз Құдайға ғана жарастырған. Жетімдер туралы Құран Кәрімнің он жеті жерінде тікелей айтылса, ишаратпен айтылған аяттар одан да көп. Жерде жетім жылаған кезде, аспан әлемі тітірейді. Жетім бағылған үй мен мешіттің қасиеті бірдей ұлы ұя мекендер! Газетті жетімге теңегенім, қолдауы жоқ, жарым-жан. Естугін құлағы, көретін көзі жоқ. «Сыбайлас жемқорлық үлкен әлеуметтік

қасірет болып саналатын, саяси-экономикалық дамуы тежейтін, әлемдегі барлық елдерді алаңдатып отырғандығы анық. Қызметін теріс пайдалану, қызметтік өкілеттілікті асыра пайдалану, пара беру, пара алу, парақорлыққа итермелеу, қызметтік жалғандық жасау, сеніп тапсырылған мүлікті иеленіп алу немесе ысырап ету, осы тектес қылмыстардың барлығы сыбайластықпен жасалған жемқорлық болып табылады. Сыбайлас жемқорлықтың әкелетін үлкен қасіреті, ол мемлекеттің әлеуметтік экономикалық саласына зиянын тигізгі, елдің және оның әрбір азаматының әл-ауқатын төмендетеді. Бұдан бөлек, мұның бәрі халықтың ел үкіметіне сенімін жоғалтуына бірден-бір себеп болуы мүмкін. Сыбайлас жемқорлық – заманмен бірге өсіп-өркендеп, небір тегеурінді қарсылықтарға төтеп беріп, қайда мол қаражат, пайда болса, сол жерге тамыр жайып, бүгінге дейін жойылмай отырған қауіпті кеселдің бірі екенін былайғы жұрт жақсы біледі. Басқа елдер сияқты, біздің жас мемлекетімізді де айналып өткен жоқ. Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың деңдеуіне септігін тигізуде. Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдете түседі. Айналасындағы салауатты, таза және сау ортаны шарпып, тыныс-тіршілігін тарылтатын, заңсыз әрекеттермен қоғамдық ортаның және мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, дара кәсіпкерлердің, азаматтардың қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті дертті болдырмаудың тегігі халықтың өзінде. Бұл дерттің алдын алып, қоғамға тарауы жолдарын кесіп, оның ұлғаюына жол бермеу керек. Ол үшін аталған дертке қарсы тұрып, сол жолда бірге атсалысып, жұмыла күресуіміз қажет. Сонда ғана ел мүддесі үшін зор үлес қосатынымыз және халық сенімінен шығатыным анық»,-деп бір басшының жазған мақаласы. Қандай тамаша жазылған. Тек осыны өмірде де қолданып жүрсек нұр үстіне нұр болар еді. Адам күні адаммен. Байлық, билік қолдың кірі. Бүгін басшысының ертең қарапайым халықтың қатарынансың. Ел аман жұрт тыныш кезде, табиғат апаттарының дамылысыз болғанынан ақ, кішкене болсын жөнге келген дұрыс ау. Тәубені білмей, күншілдікке салу бүгінгі сәні емес. Бүгінгі түрлі өзгерістер болып жатқан заманда, бір-бірімізге қолдау көрсетіп, соның ішінде Мемлекет басшысы айтқандай шағын кәсіпкерлерге қолдау көрсетіп тұрса қандай тамаша еді. Әркімге өзіне бөлінген ақшаға адал қызмет етіп, игеріп отырса, ол да қандай ғанибет. Біреудің берекесі мен мерекесін қашығандан не пайда? Алған парадан, алып отырған айлығың сансыз артық емес пе? Жұмыла кіріскен жүк жеңіл дейді. Қолдауын таппаған жетімектің сауабын алуға тырысыңыз ағайын!!! Халыққа газет керек. Газет бір күндік болса, ішіндегі мың жылдық....

Іңкәр ЕРБОЛҚЫЗЫ
«Жетісу Шұғыласы»
газетінің бас Редакторы,
Қазақстан Республикасының

АСЫЛ ОЙДЫҢ БҰЛАҒЫ – ТІЛ!

Жалтақтамай өзге тілді ұлысқа, Ең алдымен өз тіліңді дұрыста. Иә, иә бүгінгінің сәніне айналған өзге тілді қосып сөйлеу үлгісі сәнге айналды. Ұрпақтан ұрпаққа жалғасын тапқан салт-дәстүрі мен сабақтастығы болды. Ауру қалса да әдет қалмайды деген бар. Сонда қоғамның дертіне айналған ба? Көпке топырақ шашуға болмайды. Бірақ, жазар жазу мен ойлаған санадан, айтар тілден айып жоқ. Жаза жазса жауыр болған әуеннің бірі бұл тақырып.



Тіл - қай ұлтта, қай елде болса да қастерлі, құдыретті. Ол әрбір адамға ана сүтімен бірге еніп, бойына қалыптасады. Тіл байлығы - әрбір елдің ұлттық мақтанышы. Ол атадан балаға мирас қалып отыратын баға жетпес мұра. Демек, әр адам ана тілін көзінің қарашығындай қорғауға, оның орынсыз шұбарлануының қандайына болса да қарсы тұруы тиіс. Ана тілі - ең басты байлығымыз. Ана тілі - ең ұлы мен тамаша тіл. Менің ана тілім - қазақ тілі. Қазақ тілі - мемлекеттік тіл. Бұл - ауыр тіл, бірақ әрбір Қазақстан азаматы мен азаматшаларына, яғни әрбір өмір сүріп жатқан қоғам оны білу керек. Бірақ, дейтін жеріміз бар осы тұста. Қазақстан көп ұлтты мемлекет. Сол көпұлттың ішінде біраз, адасып тіліміз бен дініміз бұрмаланып жүргені де аз емес. Неге? Кім кінәлі? Адам ба заманы ма?

Ана тілі - халық боп жасағаннан бері жан дүниеміздің айнасы, өсіп-өніп түрлене беретін, мәңгі құламайтын бәйтерегі, деп Жүсіпбек Аймауытов айтқандай елін, жерін сүйген әрбір азаматтың көкірегінде ана тіліне деген сүйіспеншілігінің мақтаныш сезімі болуы керек. Себебі, қазақ тілі - Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Тіл - ұлттың жаны. Ал ұлттың болашағы - оның ана тілі. Тіл - халықпен бірге өмір сүріп дамиды, әр ұлттың тілі - оның бақыты мен тірегі.

Қазақтың ақылы - көзінде, Қасиеті сөзінде болған. Ата -бабаның қасық қаны қалғанынша қайтпай күресіп, бізге дайынғып берген мұраны қалай қастерлемес келі! Тілім тірлігімнің айғағы! Қандай тамаша, мағынасы терең сөз. Қай ақын өз тілін жырламады? Жырға қосып, әнге қоспайтын пенде жоқ шығар. Кейбір сараңдар Мемлекеттік тілге салақ қарайтынына қынжыласың! Бұл ретте еліктеушілік басымыз бізде. Неге десеңіз, бір жерден бірнәрсені көшіріп алу бүгінгінің сәні. Кімге еліктедік, әуелеген ән мен шалқыған биге, одан қалса тіліне де еліктедік. Әлемнің түпкіріне еліктемесек те өз дініміз бен тіліміз, сәніміз бен әніміз керемет емес пе? Басымдылық заманның ағымын кінәлайды. Дұрыс емес. Заман ол қоғам. Қоғам ол адам. Демек, адамы мен заманы бір. Заманын өзертетін де, гүлдендіретін де адамзат. Кінә, біреуді айыптаудан бұрын өз бойымыз-дан кемші тұстарымызды іздеуіміз қажет. Баяғының заманы қалып, бүгінгінің заманы теріске өзгерген деп жатады. Баяғы заман қалған жоқ, қалған емес. Тек, қолданыстан шығып барады. Баяғының келіндері баласын ұйықтатқанда әуендетіп өз аузымен бесік жырын айтса, бүгінгінікі ұялы телефонды не болмаса сәнге айналған яндек музыканы қосады. Бесік жырының сөздерінің өзіне өзгеріс еніп кеткен. Дұрыс деп айтсам қоғамнан қалып қалған, бұрыс деп айтсам жауға айналып кетемін. Аузы мұрны

қисық болса да байдың баласы сөйлесін деген боп тұр. Небір азаматтар мен азаматшалары халық жауына айналғаны өтірік емес. Шындықты біле тұра көз жұмып қарайтынымыз да бар. Ашық айтсаң арба сынып, бұқа өлетін заман болдық. Бүгінгінің келіндері менің мақаламды оқып ренжіп қалмасын, біраз жақтап қояйын. Келіннің келін болуына ең алдымен отбасынан көргені септігін тигізер. Ұядан не көрсен, ұшқанда соны ілерсің деген бар. Тоғыз ай жүрегінің астында, баласы аяғын нық басқанша анасының бауыр етінде болатын баланың анасының айыбы неде? Ата-ана туылғаннан бастап баласын қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай өсіреді. Бар білгенін баласына береді. Оны ары қарай алып кету баланың бойына біткен дағдыдан. Дағды өскен ортасы мен қоғамына қарай қалыптасады. Кім баласын жаман десін. Сол қоғамымен өскен баланың тақ-тағы сол ата-ананың мойында. Ал, ата-анасыз өскен бала ше? Бұл кісілерге кім кінәлі? Сурақ көп, жауап біреу. Болар бала боғынан деген. Біреу өл десе өлмейдіғой. Демек, әр тіршілік иесі өз басын алып жүруге міндетті. Еліктейтін жерде бар, еліктемейтін жері бар. Міне осыны әрбіріміз ажырата білуіміз қажет. Бір өзге ұлттың азаматы отырып, жанында бес қазақ отырса тілді бұрмалап, бар білгенін жеткізгісі келіп, жан-жақты тырысып, жабылып жатып сол ұлттың тілінде сөйлейді. Міне, қандай кең пейіл халықпыз. Қотыр қолдан, пәле тілден жұғады. Тіл - халықтың жаны, көптеген ұрпақтың ғасырлар бойғы еңбегі, қоғамның рухани өмірі мен жасампаздығының айнасы, біздің басты және баға жетпес байлығымыз. Адамдардың әлемдегі барлық істері тілдің көмегімен жасалады. Онсыз жұмыс істеу мүмкін емес, ғылымды, техниканы, қолөнерді, өнерді, өмірді бір қадам алға жылжыту ойға келмейді. Тіл - адамның ең ұлы жаратылысы. Егер тіл жоғалып кетсе, оның қандай болатынын елестету қиын болар еді. Ана тіліне ұқыпты қарау, оны дамыту халқымыз үшін әрқашан рухани парыз және абыройлы мәселе болған. Мұның жарқын дәлелі - халық ағартушылары: Абай Құнанбаев, Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсариннің жанқиярлық өмірі мен қызметі.

Біреу тіл- біздегі барлық нәрсе, деп айтты. Келіскен жөн. Тіл бізге бір-бірімізді түсінуге мүмкіндік береді. Тіл қаншалықты бай және әдемі болса, осы тілде сөйлейтін адамдардың мәдениеті неғұрлым кең және қызықты болады. Тіл жоқ - адамдар болмайды. Мен үшін қазақ тілі - бәрі. Бұл менің Отаным, менің мәдениетім, менің отбасым, менің өткенім мен бүгінім. Сіз қазақ тілін оқып отырып Қазақстанның мәдениетін еріксіз түсінесіз. Ол ерекше және үлкен. Қазақ тілі, мен үшін, қасиетті нәрсе. Тек осы тілде сөйлеу жеткіліксіз, сіз не айтып отырғаныңызды білуіңіз керек.

Мемлекеттік тіл- мемлекеттің бүкіл аумағында, қоғамдық қатынастардың барлық салаларында қолданылатын тіл болғандықтан, жүргізілетін

барлық іс-қағаздары мен құжаттар мемлекеттік тілде болуы тиіс. Өйткені өркениетке құлаш ұратын елдің әрісі қашанда білікті де, саналы ұрпақпен келесі ұрпақпен өмір сүріп қарайтын елдердің санатына енуі кезінде халықтың басты мақсаты да сауаты ұрпақ тәрбиелеу. Сауатты ұрпақ тәрбиелеу дегеніміз, өз ана тілінде еркін сөйлей алатын, оны терең меңгерген ұрпақ. Ал ана тілін жақсы білмейінше сауатты сөйлеп, сауатты жазып, тіл байлығын мол қолданбайынша, шын мәніндегі мәдениетті адам бола алмайсың.

Тіл тағдыры - ел тағдыры екенін ешуақытта ұмытпайық. Әрбір адам өз ана тілін білу және мемлекеттік тілін меңгеру міндетті.

Тіл - тек қарым - қатынас құралы ғана емес, ол - ұлттық дініміздің көрініс табатын әлеуметтік құбылысы, мәдениетіміздің биік тұғыры. «Тіл тағдыры - ұрпақ тағдыры, ұрпақ тағдыры - ел тағдыры» деген ұранды ұстанған қазақ халқы ғасырлар бойы елі мен жерін, діні мен тілін сақтап қалу жолында талай қиын-қыстау кезеңдерді басынан кешірді. Өйткені ана тілі мәселесі - сол тілде жасаған, жасап келе жатқан халықтың өткені мен бүгінгісін таразылай отырып, болашағын танытатын, сол халықтың мәңгілігінің мәселесі. Елдіктің негізгі шарттары, түптеп келгенде мемлекет тілінің, ұлт рухының көтерілген биігімен өлшенеді. Әрбір азамат өз елінің патриоты ретінде ең бірінші кезекте мемлекетті құрушы ұлт өкілдері - қазақтардың өзі бастап мемлекеттік тілдің абыройын асқақтауға ат салысуы керек деп есептеймін. «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» деген қанатты қағиданы жүрегіміздің төрінен орын алып, жолбасшымыз болуға тиіс.

Тіл - ұлттың жан дүниесі. Расында, қазақ халқының басында талай қиын нәубет, зұлматтың, қайғылы күндердің болғаны тарихтан белгілі. Сондай ауыр сәттерде, сын сағаттарда аталарымыз қонысын тастап босқан халықтың өзімен бірге алып жүрген байлығы - ана сүтімен санасына дарыған ана тілі ғана. Халқымыздың тілге беріп жүрген бағасы бұл ғана емес, ана тілге деген мейірім, махаббат сезімін білдіретін сөздер көп-ақ. Оған жүздеген мысалдар келтіруге болады. Осы сияқты ой тұжырымдардың барлығы ел аузынан түспей, ғасырлар өтсе де ұрпақ жадында сақталған қанатты сөздер.

Сондықтан тіл әлемдегі ұлттық мәдениеттің ара қатынасында аса маңызды рөлге ие. Дара, дана тілімізді әрқашан дәріптеп, өзгеге еліктемей даларлығымыз бен даналығымызды сақтайық. Тіліміздің қадір-қасиетін кетірмей, киелілігінің кедергісіне ұшырамай, азғындардың азуына түспей, саналығымызды сақтайық. Қанмен келген қастерлі тіліміздің қадір-қасиетін кейінгі ұрпақпен ізбасарларымызға ұлықтайық. Ұлылығымыз бен ұлттылығымызды да, батыр бабаларымызды ұмытпайық. Сонда ғана тіліміз тіл, дініміз дін болмақ!

Іңкәр ЕРБОЛҚЫЗЫ, Дайындаған

ТІЛІМ МЕНІҢ - ТАУСЫЛМАЙТЫН БАЙЛЫҒЫМ

Тіл - ұлттың сүйенетін тамыры, сыйынатын тәңірі- демекші, тіл - қай ұлтта, қай елде болса да қастерлі, құдіретті. Ол әрбір адамға ана сүтімен бірге еніп, бойына қалыптасады. Тіл байлығы - әрбір елдің ұлттық мақтанышы. Тіл - ұлттың жаны, халықтарының асыл белгісі, намысы, тыныс тіршілігінің көзі, Ата заңымен қорғалатын, еркіндігінің үні. Тәңірдің адам баласына жасаған - сыйы да - тіл. Оның қасиеттілігі, кереметтігі сондай, жан-дүниеңді өзіне тартып тұратын құдіреті бар. Тіл - бүкіл тіршіліктің тұтқасындай, ұлттың аса қастерлі, өзіне тән ажырамас белгісі. Тілдің тағдыры баршамыздың қолымызда. Тілін білмейтіндер емес, тілін білгісі келмейтіндер мәңгірт. Тілдерді дамыту - елдердің мемлекеттік саясатындағы аса маңызды бағыттардың бірі. Тіліміздің жағдайы қиын, құрдымға батып жатыр деп отыра бермей, оның маңызы мен мүмкіндіктерін жан-жақты ашып, жұрттың оған деген сенімін нығайтуға күш салғанымыз дұрыс. Тілді насихаттауда, үйретуде жеке адамдардың, отбасының қосар үлесі мол болуы тиіс. Әрбір отбасында, осындай тілге деген жанаһырлық болса, тамшыдан дария болар дегендей, тіліміздің жағдайы әлдеқайда жоғары деңгейге көтерілер деп ойлаймын. Ғасырлар бойы қазақтың ұлт ретіндегі мәдени тұтастығына ең негізгі ұйтқы болған - оның ғажайып тілі.

Қазақ тілін бізге ата бабаларымыз найзаның ұшымен білектің күшімен қорғап, алып берген. Қазақ тілі өзе тілдерге қарағанда жүрекке жеңіл, тілге оңай болып келеді. Қазақ тілінің тарихы өте тереңде жатыр. Осы тілім, елім, жерім деп қаншама ата бабаларымыз қанын төкті, жанын құрбан етті. Ол кісілерге үлкен рахмет айтып, құрмет көрсетуіміз керек және ешқашан ұмытпай жүрегімізде болуы тиіс. Себебі біздің өз тіліміз қазақ тілі болмағанда біз тілі жоқ діні жоқ надан халық болар едік. Біздің тілге деген құрметіміз тек қазақ тілінде ғана сөйлеу деген емес, қазақ тілін ұмытпай және басқа да тілдерді меңгеріп, дамып алға қарай жылжуымыз тиіс. Атам қазақ айтқандай өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте. Себебі біз көп-ұлтты мемлекетке жатамыз. Әрине әр тілді меңгеру, әр тілде сөйлеу әркімнің арманы. Және де біздің де басқа тілге деген көзқарасымызбен құрметіміз өте ерекше жоғары. Халық өзінің ғасырлар бойы жасаған асыл мұраларын ұрпақтан ұрпаққа алдымен ана тілі арқылы табыс етеді. Сондықтан ана тілін білмей, ұлттық мәдениетті жете меңгеру мүмкін емес. Ана тілінің қадір қасиетін біле білген халқымыз оны ұлттық рухына, қазына байлығына байлайды. Себебі тіл халықтың жаны, сәні, тұтастай кескін келбеті, ұлттық болмысы. Адамды мұратқа жеткізетін ана тілі мен ата дәстүрі. Біздің осындай халықтық қасиетті мұрамыз, ана тіліміз қазақ тілі.

Қазақ тіліне деген құрметті біз өскелең ұрпаққа көрсетуіміз керек. Себебі болашақ жастардың қолында. Егер олар шүлдірлеп тек өзге тілде сөйлеп, өздерінің ұрпақтары да өзге тілде ғана сөйлеп кетпеуіне кім кепіл? Онда елімізге, жерімізге үлкен қауіп, қатер төнуі әбден мүмкін. Сол себепті жүрегі елім, жерім деп соғатын ұрпақ тәрбиелеу шығару біздің қолымызда. Ол үшін ең алдымен біз өзімізден бастауымыз керек. Қазыр заманның дамығаны сонша кітап оқымаймыз, тек телефонға телмірген жастарды көріп ішін ашиды. Айтпағым тілді дамыту тек сөйлеп қана қоймай кітап, газет-журналдар, шығармалар оқып тіл байлығымызды арттыру. Тілдің ұлт үшін ең үлкен байлық екенін әрбір қазақ терең түсінсе ғой, шіркін! Өз тілімізге өзге тілді қосып сөйлеп тұрған үлкендерді көрсем, өзге тілді таза сөйлеп өз тілін менсінбей тұрған аға-әпкелерді көргенде мен тек қана: «Алла санаңыз мен зердеңізді, ана тілді үйренуге деген зейініңізді ашсын, жүрегіңізге иман берсін» деп тілеймін.

Бірақ бұл арада көптілділіктің еш айыбы жоқ екенін ұмытпаған дұрыс. Қазақтың ұлы философы және ақыны Абай Құнанбаев бірнеше тілді меңгерген, ал бұл жайт оның қазақ тілін насихаттауына кедергі болмаған. Бүгінгі таңда, көп тілді меңгеру біздің қалауымызға ғана байланысты емес. Ол қажеттілікке айналған. Егер адам бәсекеге қабілетті болғысы келсе, оған басқа тілдерді үйренуіне тура келеді. Тек қазіргі заман ағымына ілесе даму ниеті болса болғаны.

Біз қазақтың әдеби тілі, басқа халықтардың да әдеби тілі сияқты, мәдениетті ілгері бастаушы қуатты құрал. Ана тілін ардақтап, мәпелеп, тәрбиелеп өсіру - ананың баланы мәпелеп, тәрбиелеп өсіруі сияқты; ана тіліне ұқыпсыз, көңілсіз, қалай болса солай қараушылық - барып тұрған мәдениетсіздіктің белгісі. Елінің болашағын ойлаған, құрметпен қараған әрбір азамат ана тілін сақтап қалуы үшін қолынан келген көмегін аямауы тиіс. Асыл қазынамызға айналған қазақ тілінің құндылығының арта беруіне әрдайым өз үлесімді қосамын. Қазір біз заманауи қазақ елінде тұрамыз. Ақпарат құралдарының дамыған кезеңі. Бұл - біздің үнімізді, рухани байлығымызды бүкіл әлемге танытуға мол мүмкіндік. Тек таза сөйлеп, айтатын ойымызды жоғары дәрежеде мағыналы шебер жеткізе алақ болғаны. Ана тілдің қасиеті туралы қанша айтсақ та, жазсақ та таусылмақ емес. Адамзаттың қолындағы барлық асыл заттары тозады, жоғалады, ал тіл - тозбайтын ең қымбат мұралардың бірі.

«Ұлттың тілі - ұлттың ділі» деп, халық даналары айтқандай, ұлтымызды сақтайық. Ана тіліміздің айынын асқақтатып, қасиетті қазақ жерінде қазақ тілінің мәртебесін көтерейік! Төл тілімізден қашпай керісінше терге сүйрейік сонда ғана Қазақстан берік ел болмақ!

Диана ДАУРЕНҚЫЗЫ



ҚАЗАҚСТАН-АТА ЖҰРТЫМ, ҚАСИЕТІМ-АНА ТІЛІМ

ШАРУА НЕМЕСЕ ФЕРМЕР ҚОЖАЛЫҒЫН ЖҮРГІЗУ ҮШІН УАҚЫТША ӨТЕУЛІ ЖЕР ПАЙДАЛАНУ (ЖАЛҒА АЛУ) ҚҰҚЫҒЫН БЕРУ ЖӨНІНДЕГІ КОНКУРС ЖАРИЯЛАУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

Жетісу облысы, Ескелді ауданының әкімдігі, Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 43-1 бабында және «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 20 желтоқсандағы № 518 бұйрығы негізінде, «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс өткізетіндігі туралы хабарлайды:

Конкурсқа қатысу үшін өтінімдерді (конкурстық ұсыныс) қабылдау, жергілікті «Жетісу шұғыласы» газет бетіне жарияланғанан соң күнтізбелік 30 күннен кейін, он бес жұмыс күні ішінде, яғни 2024 жылдың 15-сәуірден 4-мамырға дейін қабылданады. (040500 Жетісу облысы, Ескелді ауданы, Қарабұлақ ауылы Оразбеков көшесі, 67), Ескелді ауданының әкімдігі №5 кабинетке табыс етеді.

Конкурсқа қатысу туралы өтінімдерді қабылдаудың (конкурстық құжаттаманы) соңғы мерзімі: 2024 жылдың 4-мамыр айының 18 сағат 30 минутқа дейін.

Конкурстық өтінімдер салынған конверттер 2024 жылдың 6-мамыр айының 10 сағат 00 минутта мына-мекен жайда ашылады: Жетісу облысы, Ескелді ауданы, Қарабұлақ ауылы Оразбеков көшесі, 67, аудан әкімдігінде өтеді.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімде:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары үшін – заңды тұлғаның атауы, оның тұрған жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) үлестерінің мөлшері көрсетіле отырып, өтінім берушінің – заңды тұлғаның басшылары мен қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтер, өтінім берушінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер;

2) жеке тұлғалар үшін – өтінім берушінің тегі, аты және өкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), тұрғылықты жері, азаматтығы, жеке сәйкестендіру нөмірі, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер;

3) өтінім беруші үміттеніп отырған жер учаскесінің орналасқан жері;

4) конкурстық ұсыныс;

5) өтінім беруші шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың жеңімпазы деп танылған жағдайда, шаруа немесе фермер қожалығын не ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартына қол қою қажеттігі туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілген шартты жасасу жөніндегі міндеттеме қамтылуға тиіс.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімді жеке тұлғаның немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасының уәкілетті өкілдері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген және ресімделген сенімхаттың негізінде ұсына алады.

1) бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, ашылатын жұмыс орындарының саны);

2) шаруашылықішілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту іс-шараларын орындау жөніндегі міндеттемелер;

3) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын ертараландыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

Конкурстық ұсыныс, «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, беттері нөмірленіп, тігілген түрде, жабық конвертте ұсынылады.

Конкурстық ұсыныста өтінім беруші ұсынған міндеттемелер мен бизнес-жоспар шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартының ажырамас бөлігі болып табылады.

Сонымен қатар, Конкурстық ұсынысты, «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, конкурсқа қатысушы беттері нөмірленіп, тігілген түрде мөрленген немесе өшірлімдейтін сиямен жазылған жабық конвертте ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін - қатысушының қолымен және заңды тұлғалар үшін - бірінші басшының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мөрімен (бар болса) куәландырылады.

Өтінімде және конкурстық ұсыныста қатысушыға грамматикалық және арифметикалық қателерді түзету қажет болған жағдайларды қоспағанда, жолдар арасында ешқандай кірістірмелер, өшірулер немесе қосып жазулар болмауы тиіс.

Конкурстық ұсыныстың жабық конвертінде «шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс» және «жылғы _____» «дейін ашуға болмайды» (ашудың нақты күні көрсетіледі) деген сөздер жазылады.

Ауыл шаруашылығымен айналысатын тұлғалар конкурсқа қатысу үшін қосымша ақпарат пен анықтама алу үшін Ескелді ауданының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөліміне (72836) 3-17-68 телефон арқылы хабарласуға болады.(мекен-жайы: Ескелді ауданы, Қарабұлақ ауылы, Сәтпаев көшесі, 65 қимаратының 3 қабаты 20 кабинет.)

Ескелді ауданының
ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі

ИЗВЕЩЕНИЕ О ПРОВЕДЕНИИ КОНКУРСА ПО ПРЕДОСТАВЛЕНИЮ ПРАВА ВРЕМЕННОГО ВОЗМЕЗДНОГО ЗЕМЛЕПОЛЬЗОВАНИЯ (АРЕНДЫ) ДЛЯ ВЕДЕНИЯ КРЕСТЬЯНСКОГО ИЛИ ФЕРМЕРСКОГО ХОЗЯЙСТВА, СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННОГО ПРОИЗВОДСТВА

Ескельдинский районный акимат в соответствии со статьей 43-1 Земельного Кодекса Республики Казахстан и Приказа № 518 от 20 декабря 2018 года Заместителя Премьер-министра Республики Казахстан - Министр сельского хозяйства Республики Казахстан «Об утверждении Правил организации и проведения конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства», в районной газете «Жетісу шұғыласы» и интернет-ресурсе Акимата Ескельдинского района объявляет о проведении конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Заявки на участие в конкурсе (конкурсная документация) будут приниматься по истечении 30 календарных дней после публикации, в течении 15 рабочих дней; с 15 апреля по 4 мая, по адресу: (040500 область Жетісу , Ескелдинский район, с.Карабұлақ, ул. Оразбекова №67), в кабинете №5 Акимата Ескельдинского района.

Прием заявок на участие в конкурсе (конкурсная документация) заканчивается : 4 мая 2024 года, в 18 часов 30 минут.

Вскрытия конвертов с конкурсной документацией будет проведена 6 мая 2024 года в 10 часов 00 минут (область Жетісу, Ескелдинский район, с.Карабұлақ, ул. Оразбекова №67) в большом зале районного акимата.

Заявка на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства должна содержать:

для негосударственных юридических лиц Республики Казахстан – наименование юридического лица, его место нахождения, сведения о государственной регистрации (перерегистрации) в качестве юридического лица, сведения о руководителях и участниках или акционерах заявителя – юридического лица с указанием размера их доли в уставном капитале (от общего размера уставного капитала), сведения об аффилированных лицах заявителя;

для физических лиц – фамилию, имя и отчество (если оно указано в документе, удостоверяющем личность) заявителя, место жительства, гражданство, индивидуальный идентификационный номер, сведения о документе, удостоверяющем личность заявителя;

местоположение земельного участка, на который претендует заявитель;

конкурсное предложение;

обязательства по заключению договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства либо сельскохозяйственного производства в течение трех рабочих дней со дня получения уведомления о необходимости подписания указанного договора в случае признания заявителя победителем конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Заявку на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства могут представлять уполномоченные представители физического лица или негосударственного юридического лица Республики Казахстан на основании доверенности, выданной и оформленной в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

Конкурсное предложение должно содержать:

бизнес-план (прогнозный объем инвестиций, площади возделывания сельскохозяйственных культур, поголовье сельскохозяйственных животных, применяемые агротехнологии, наличие сельскохозяйственной техники и технологического оборудования, квалифицированных специалистов в области сельского хозяйства, количество создаваемых рабочих мест);

обязательства по составлению и освоению проекта внутрихозяйственного землеустройства, выполнению мероприятий по развитию сельскохозяйственной инфраструктуры;

обязательства по исполнению требований земельного законодательства Республики Казахстан, включая правила рационального использования земель сельскохозяйственного назначения, выполнению индикативных показателей по диверсификации структуры посевных площадей сельскохозяйственных культур в соответствии со специализацией региона, соблюдению научно обоснованных агротехнологий, фитосанитарных и карантинных требований.

Конкурсное предложение представляется в закрытом конверте в прошитом виде с пронумерованными страницами, за исключением случаев его подачи посредством веб-портала «электронного правительства».

